Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА**

# «Әлемді өзгерткен жаңалықтар» мини-жоба

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 14.10.2018 | https://bilimger.kz/53350/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұзақмерзімдіжоспардыңтарауы:** **Интернеттегі қауіпсіздік** | | | | **Мектеп:** *М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі* |
| **Күні:** | | | | **Мұғалімніңаты-жөні:** *Тагаева У* |
| **Сынып: 5** | | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** | |
| **Сабақтыңтақырыбы** | ***«Әлемді өзгерткен жаңалықтар» мини-жоба*** | | | |
| **Осысабақтақолжеткізілетіноқумақсат тары (оқубағдарламасынасілтеме)** | ***5.4.2.2. Құжатқақұпиясөзорнату*** | | | |
| **Ойлаудағдылары** | ***Білу, түсіну, қолдану, талдау жинақтау , саралау*** | | | |
| **Сабақтыңмақсаты** | **Барлық оқушылар:**құжатқа құпия сөз орнату жолдарын білу және жоба жасау<br>**Оқушылардың басым бөлігі:***Ақпаратты қорғау әдістерін түсіну және файлдарға құпия сөзді орнатуды қолдану.*<br>**Кейбір оқушылар:***Нақты құпия сөз критерийлерін талдау және жоба жасау;* | | | |
| **Бағалаукритерийі** | Құжатқа құпия сөз орнату жолдарын біледі және жоба жасай біледі.<br>*Ақпаратты қорғау әдістерін түсіну және файлдарға құпия сөзді орнатуды қолдана біледі*<br>*Нақты құпия сөз критерийлерін талдау және жоба жасай біледі* | | | |
| **Тілдікмақсаттар** | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** Қорғау, құпия сөз<br>***Жазылым бойынша ұсыныстар:***<br>Құжатқа құпия сөз орнатуда кездесетін сөздердің үш тілде аталуын білу | | | |
| **Құндылықтарға баулу** | Оқушыларды еңбекке, шығармашылыққа тәрбиелеу. Өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Бәсекелестікке дағдыландыру. Техника қауіпсіздігін және өз құқын қорғай білуге үйрету | | | |
| **Пәнаралықбайланыс** | Ағылшын тілі. Орыс тілі | | | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | ***Интернеттежұмысістеубарысындақандайқауіп бар екендігінбіледі*** | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақбарысы** | | |
| **Сабақтыңжоспарланғанкезеңдері** | **Сабақтағыжоспарланғанжаттығутүрлері** | **Ресурстар** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br><br>3 мин | *Амандасу: «Сәлеметсіз бе!» Оқушылар екі қолының аттас саусақтарын бір-біріне түйістіре бастап былай дейді:*<br>*Бас бармақтарын түйістіре – «әрқашан»*<br>*Сұқ саусағы – «әр жағдайда»*<br>*Ортаңғы саусағы – «үлкен»*<br>*Аты жоқ саусағы – «жетістіктер»*<br>*Шынашағы – «тілеймін»*<br><br>3 топқа біріктіру: түстер бойынша («Компьютер», «Интернет», «Ақпарат»)<br>**Үй тапсырмасын қайталау :** *Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды өзгерту, жүктеп алу және орналастыру ретін қайта сұрау /* | | 3түскарточкалар<br><br>Сұрақжауап |

Сабақтыңортасы

6 мин

**Жаңа тақырып түсіндіру:**
Оқушылардың білгендерін талдай отырып, жаңа сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру.
Ендеше бүгінгі жаңа сабағымыз: ***«Әлемді өзгерткен жаңалықтар» мини-жоба***
1-тапсырма. Топтардағы жұмыс (3 топқа 3 тапсырма)

| **1** | **Құпия сөз орнатылған ақпаратты ешқашан бұзуға әрекет жасамаңдар!** | **Себебі** |
|---|---|---|
| **2** | Интернеттегі мәліметтердің бәріне сенуге болмайды. Барлық сайттағы ақпарат «дұрыс» деген пікірден аулақ болған жөн | Неліктен? |
| **3** | Интернетте жариялаған әрбір ақпарат үшін жауапты екендеріңді ұмытпаңдар | Неге? |

**Дескриптор** *Білімалушы*
1. Құпия сөз орнатылған ақпаратты ешқашан бұзуға әрекет жасамаудың себебін біледі
2. Неліктен интернеттегі мәліметтердің бәріне сенуге болмайтындығын, барлық сайттағы ақпарат «дұрыс» деген пікірден аулақ болу керектігін біледі
3. Не үшін әлеуметтік желіні қолданғанда пайдаланушылармен сыпайы қарым-қатынаста болуды біледі

2 мин

2-тапсырма: Топтардағы жұмыс:

Арман «Қазақстан» тақырыбында екі шумақты өлең құрастырып, Интернетте жариялады. Бірнеше күннен кейін, Арманның интернетте жариялаған өлеңін оның жақын досы Қанат интернеттен алып, сыныптастарына мен шығардым деп жариялайды және оны сыныптастарымен талқылайды. Оны Арман көріп таң қалады. Интернеттегі бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңды еместігін білесің. Авторлық құқығыңды сақтау үшін не істер едің?

Үлестірмелі карточкалар

БІЛУ
3 мин

Ендеше, құжатқа құпия сөз орнатуды үйренейік:
1. Файл
2. Мәлімет (Сведения)
3. Құжатты қорғау (Защита документа)
4. Құпия сөзді қолданып шифрлау (Зашифировать с использованием пароля)
5. Құпия сөз (Пароль)
6. Ок
7. Құпия сөз ( Пароль)

Нақты құпия сөздерге мысал келтіру
- Тек сандармен берілген құпия сөз нақты болып табылмайды
- Тек әріптермен берілген құпия сөз нақты болып табылмайды
- Нақты құпия сөз (бас әріптер мен кіші әріптер, сандар және басқа да таңбалардан тұрады)
- Әріптер мен сандар ретімен берілгендіктен құпия сөз нақты болып табылмайды
- Әріптер өсу ретімен тұрғандықтан, құпия сөз нақты болып табылмайды

Слайд

ТҮСІНУ
7

А4 қағаз

Слайд, компьютер

Терминдермен жұмыс
2 мин

**«Түртіп алу»** Термин сөздерді интерактивті тақта арқылы шығарып таныстырамын

| **Қазақ тілінде** | **Орыс тілінде** | **Ағылшын тілінде** |
|---|---|---|
| Қорғау | Защита | Security |
| Құпия сөз | Пароль | Password |
| Файл | Файл | file |
| Мәлімет | Сведения | Data |
| Құжатты қорғау | Защита документа | protect a document |

Жаңа тақырыптағы термин сөздердің ағылшын тілінде аудармасымен танысады, қайталайды.

Слайд

| | | |
|---|---|---|
| ҚОЛДАНУ<br>5 мин | ***3-Тапсырма: Практикалық жұмыс . Жеке жұмыс***<br>*Интернеттен Қазақстан Республикасының Әнұраны мәтінін тауып, мәтінді көшіріп алыңыз. Мәтінді мәтіндік редакторына көшіріп алып, құжатты өз атыңмен сақта. Осы құжатқа құпия сөз орнат.*<br>**Дескриптор** *Білім алушы*<br>— құжатқа құпия сөз орнатады | Интернет, мәтіндік редактор |
| Талдау<br>5мин<br><br>ЖИНАҚТАУ<br>5 мин | ***4-Тапсырма: Топтардағы жұмыс.***<br>**«Ақпаратты сүзу» әдісі (***Мәтінді оқып, тірек сөздерін анықтаңыздар. Ең маңызды сөздерді «тұғырыққа» орналастыру қажет, ал маңызы азырақ сөздер құбырда сүзіліп қалуы тиіс).*<br>Құпия сөз мысалдары берілген. Берілген құпия сөздің қайсысы нақты екенін анықтаңыз. Нақты құпия сөз сүзгіден өтіп «тұғырыққа» орналасу қажет. Нақты болып табылмаса құбырда сүзілмей қалып қояды.<br>**12345678**<br>**Abcdef**<br>**123abc**<br>**Abc**<br>**Fg10!dD9**<br><br>**Дескриптор** *Білім алушы*<br>Нақты құпия сөзді айыра алады<br><br>Мадияр мәтіндік редакторды қолдану арқылы анасына құттықтау ашық хатын дайындағысы келген болатын. Бірақ анасы да компьютермен жұмыс жасайтын болғандықтан, анасы уақытынан бұрын көріп қоймауы үшін Мадияр құжатқа құпия сөз орнатуды шешті. Бірақ Мадияр құпия сөзді қоя алмағандықтан сендердің көмектерің қажет.<br>***5-Тапсырма:*** Осы файлға құпия сөз орнатудың алгоритмін толықтырыңыз<br>1. Мәзірден «Файл» → «Мәліметтер» таңдау<br>2. …<br>3. «Құпиясөздішифрлеу» таңдау<br>4. …<br>5. Құпия сөзді растау және «ОК» батырмасын басу<br><br>**Дескриптор** *Білімалушы*<br>— құжатқақұпиясөзорнатуәрекеттерініңретінанықтайды. | А4 Сүзгінің суреті<br><br>Слайд, Үлестірмелі материалдар |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Бес саусақ»** тәсіліарқылы рефлексия жасау<br>**Бас бармақ – басты мәсел**е. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?<br>**Балалы үйрек – бірлесу**. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?<br>**Ортан терек – ойлану**. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>**Шылдыр шүмек – шынайылық**. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>**Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы**. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?<br>Өзін-өзі бағалау | Бес саусақ |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| 2 мин | Үйге тапсырма: Құжатқа құпия сөз орнатудың себебін түсіндіріңіз. |

| **Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?** | **Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| Барлық оқушылар  үшін бірдей тапсырмалар ұсынылады<br>Оқушыларға алдыңғы тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіруге  бағыт беремін. Жеке, топтық тапсырмалар арқылы құжатқа құпия сөз қоюды үйренеді | Әр тапсырмаға дескрипторлар жасақталып, қалыптастырушы бағалаумен бағаланады. Оқушылар өзін-өзі «Бес саусақ» әдісі арқылы бағалайды | Денсаулық сақтау мақсатында қауіпсіздік  ережелерін сақтауды еске саламын |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша рефлексия*** | |

**Жалпы бағалау**

**Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?**
**1:**

**2:**

**Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?**
**1:**

**2:**
**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.